

Ауданның кейбір елді мекендерінде карантиндік аймақтың ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 331 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 шілдеде N 14-6-78 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы N 512 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010.11.23 N 512 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес және Қазығұрт ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2009 жылғы 7 шілдедегі N 2-8/320 санды ұсынысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауыл округіне қарасты Тілектес, Жаңаталап, Қарабастау, Жаңажол елді мекендерінде жануарлардың арасында бруцеллез (сарып) ауруының тіркелуіне байланысты карантиндік режим және шектеу іс-шаралары енгізіліп, карантиндік аймақтың ветеринариялық режимі белгіленсін .

2. Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес карантиндік режим және шектеу іс-шаралары енгізілген аймақта ветеринариялық-санитарлық талаптарының орындалуын қатаң бақылауға алу ұсынылсын.

3. Жаңабазар ауыл округінің әкімі (А.Ташқұлов) осы қаулының 1 тармағында көрсетілген елді мекендердің аумағын санитарлық тазалауды ұйымдастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М . М о м ы н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Н.Әжіметов

КЕЛІСІЛДІ

Қазығұрт аудандық аумақтық
инспекциясының бас мемлекеттік
ветеринариялық инспекторы: А.Шойбеков
8 шілде 2009 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК